

*2023 жылғы «16» наурыздағы № 32
Қазақстан Республикасы
Денсаулық Сақтау Министрлігінің
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің
«Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК
Басқарманың сырттай шешімімен
Бекітілген*

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің
«Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК
2023-2024 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар
ЖОСПАРЫ**

Астана қаласы, 2023 жыл

<i>№ p/c</i>	<i>Іс-шараның атауы</i>	<i>Аяқтау нысаны</i>	<i>Орындау мерзімі</i>	<i>Жауапты орындаушылар</i>
1. Кәсіпорын қызметі саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастырушылық қамтамасыз ету				
1.	Корпоративтік веб-сайтта «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат» бөлімінде өзектендірілген құжаттарды орналастыру	СЖҚКҚ-мен келісілген құжаттар	пайда болған / әзірленген күннен бастап	ОА құрылымдық бөлімшелерінің басшылары
		өзектендірілген құжаттарды орналастыру	берілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде	МСҚД
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу жөніндегі шаралар				
2.1.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау (Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымға сәйкес)	ҚР ДСМ СЭБК-не талдамалық анықтама	жыл сайын жылдық есеп шеңберінде	СЖҚКҚ
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру				
3.1.	Өңірлердегі ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп «Сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін негізгі себептер мен жағдайлар» (кеңес, дөңгелек үстел, семинар және т. б.) тақырыбында жеке тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нормаларын моральдық, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамыту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын түсіндіру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру, оның ішінде уәкілетті мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен	іс-шараны өткізу хаттамасы	жылына кемінде 1 рет	СЖҚКҚ, филиал басшылары
		ҚР ДСМ СЭБК-не ақпарат	жыл сайын жылдық есеп шеңберінде	СЖҚКҚ
3.2.	Халық пен кәсіпкерлер үшін «Ашық есік күндерін» өткізу, Кәсіпорынның қызметі туралы консультациялар мен түсіндіру жұмыстарын жүргізу, оларды өткізуден 7 күн бұрын әлеуметтік желілерде хабарландыру	әлеуметтік желілерде орналастырылған ақпарат	жылына кемінде 1 рет	филиал басшылары
		СЖҚКҚ-не өткізілген туралы ақпарат/хаттама	өткізілгеннен кейін 10 үн ішінде	

4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жөніндегі шаралар				
4.1.	Электрондық құжат айналымы жүйесін пайдалана отырып, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексiнiң» талаптарына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтiнiштерiн қарау мерзiмдерiнiң мониторингi.	ҚР ДСМ СЭБК-не ақпарат	тоқсан сайын есептi кезеңнен кейiнгi айдың 10-күнiне	ҚЖЖД
4.2.	Кәсiпорын қызметтерiн пайдаланатын халық арасында сыбайлас жемқорлық мәселелерi бойынша сауалнама ұйымдастыру	СЖҚҚҚ - не анықтама	жылына кемiнде 1 рет	филиал басшылары
			өткiзiлгеннен кейiн 1 ай iшiнде	
5. Персоналды басқару саласындағы шаралар				
5.1.	Кәсiпорында басқарушылық және әкiмшiлiк-шаруашылық функцияларды орындайтын тұлғалармен не тұрақты, уақытша не арнайы өкiлеттiк бойынша олардың мiндеттерiн атқаратын тұлғалармен не сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердi қабылдауға келiсiмдi Мемлекеттiк сатып алуды ұйымдастыру және өткiзу жөнiндегi рәсiмдердi орындауға жауапты дербес құрылымдық бөлiмшелердiң басшыларымен қол қою	ОА қызметкерлерi қол қойған мiндеттеме және ҚЖЖД - не ұсыну	тұрақты негiзде	ҚЖЖД
		филиал қызметкерлерi қол қойған мiндеттеме және филиал кадрлары жөнiндегi маманға ұсыну		филиал басшылары
5.2.	Кәсiпорын қызметкерлерi мен олардың жұбайларының активтерi мен мiндеттемелерi туралы декларацияны тапсыруы туралы мониторинг (250-нысан). Кiрiстер мен мүлiк туралы декларация табыс етiлген кейiнгi жылдары (270-нысан).	қабылдау туралы анықтама ОА қызметкерлерiнiң декларациялары	жыл сайын, қағаз жеткiзгiште – жылдың 15 шiлдесiнен кешiктiрмей, электронды түрде – жылдың 15 қыркүйегiнен кешiктiрмей	ҚЖЖД
		филиал қызметкерлерiнiң декларацияны қабылдағаны туралы анықтама		филиал басшылары
5.3.	Қызметкерлердiң еңбек мiндеттерiн орындау барысында туындайтын мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу тәртiбiнiң нормаларын түсiндiру	түсiндiру жөнiндегi кеңестi өткiзу хаттамасы	жылына кемiнде 1 рет	Филиал басшылары

5.4.	Кәсіпорын қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша сауалнама ұйымдастыру	СЖҚКҚ жиынтық анықтамасы және ҚР ДСМ СЭБК-не ақпаратты жолдау	жылына кемінде 1 рет	СЖҚКҚ, Филиал басшылары
5.5.	Қызметкерлердің туыстық қатынастары бойынша мүдделер қақтығысының болуын мониторингтеу	СЖҚКҚ-не ақпарат	тұрақты	ҚЖЖД
				Филиал басшылары
6. Сыбайлас жемқорлықты азайту жөніндегі шараларды жетілдіру				
6.1.	Азаматтардың өтініштері, БАҚ-да жарияланымдар, әлеуметтік желілерде Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға сигналдары анықталған кезде Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне ақпарат беру	СЖҚКҚ-не ақпарат	тұрақты негізде	МСҚД
				Филиал басшылары
6.2.	Кәсіпорын басшылығы мен филиалдар басшылығының азаматтарды қабылдау кестесін бекіту	бекітілген кесте	Жылына 1 рет	ҚЖЖД
				Филиал басшылары
6.3.	Кәсіпорын қызметкерлері арасында ұжымда қызметтік этика нормаларының сақталуын және моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін мониторингтеу бойынша анонимді сауалнама жүргізу	сауалнаманы талдау	тоқсан сайын	ҚЖЖД
				Филиал басшылары
6.4.	Филиалдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар өткізу	филиалдардың заңгерлеріне қызмет көрсету аймағын кеңейту үшін сараланған лауазымдық жалақының 25% мөлшерінде қосымша ақы белгіленсін	ай сайын	Филиал басшылары
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат				
7.1.	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы ақпараттық материалдарды дайындау, оларды	МСҚД және МКҚБ филиалдар бөліміне баспасөз релизі	тұрақты негізде	ОА құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және филиалдардың басшылары

	Кәсіпорынның корпоративтік веб-сайтында орналастыру	Кәсіпорынның корпоративтік веб-сайтында орналастыру	берілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде	МСҚД
7.2.	Кәсіпорын жасасатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті сақтауын көздейтін ережелерді енгізуді қамтамасыз ету	Кәсіпорын жасасатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ережелерді енгізу	тұрақты негізде	ОА құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және филиалдардың басшылары

Аббревиатураларды декодтау:

Кәсіпорын - ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК;

ҚР ДСМ СЭБК - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті;

СЖҚКҚ - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі;

ҚЖІЖД - Қызметкерлермен жұмыс және іс жүргізу департаменті;

МСҚД - Маркетинг және сараптамалық қызмет департаменті;